## 2019 jyl – Jastar jyly

2019 jyl qazaqstandyqtar úshin erekshe jyl. Sebebi, Elbasymyz Nursultan Nazarbaev ótken jylǵy 5 qazandaǵy Joldaýynda ony – Jastar jyly dep jarıalaǵan bolatyn.

QR Prezidenti Qasym-Jomart Toqaev jastardyń búgini men bolashaǵyna qamqorlyq jasaýdy óz saıasatynyń negizgi máni dep sanaıdy.

Jastardy jumyspen qamtý – basty nazardaǵy másele. Sondyqtan elimizde «Dıplommen aýylǵa», «Bıznestiń jol kartasy», «Jumyspen qamtý-2020», «7-20-25», «Joǵary bilim alýdyń qoljetimdiligi, stýdent jastardyń jataqhanadaǵy jaǵdaıyn jaqsartý» baǵdarlamalary júzege asyrylyp jatyr.

Qazaqstannyń keleshegi qandaı bolatyny kóp jaǵdaıda búgin bilim alyp jatqan stýdentterge, jastarǵa tikeleı baılanysty. Sondyqtan jastarǵa erekshe kóńil bólinedi, óıtkeni naq osy urpaqqa jańa Qazaqstanda ómir súrip, jumys isteý buıyrǵan.

Bul rette Qazaqstan halqy Asambleıasynyń «Jańǵyrý joly» respýblıkalyq jastar qozǵalysy el birligin arttyrý, saýatty, bilimdi jastar qataryn kóbeitý isine úlken úles qosary anyq.

Qazirgi tańda jańa bilim meńgerý jáne jaqsy mamandyq alý birinshi orynǵa shyqty. Bilim – «Qazaqstan-2050» Strategıasynyń basym mindetteriniń biri. Respýblıkamyzdyń aldyna qoıylǵan álemdegi eń ozyq 30 eldiń qataryna kirý mindetin júzege asyrýda jastardyń róli zor.

**Дайындаған Камал Әлпейісова,**
ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім»
РММ жетекші сарапшысы,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі